



## Қазақстан экономикасына қысқаша шолу


## Негізгі түйіндер

## Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың өсу қарқыны төмендеуі

2017 жылдың қаңтар-шілдесінде қысқа мерзімді экономикалық индикатордың өсу қарқыны баяулап, 5.5%-ді құрды.

2016 жылдың сәйкес мерзімінде көрсеткіш теріс аймағында болып, 0.5%-ді көрсетті.

ҚЭИ-ға кіретін экономиканың базалық салалары көрсеткіштің негізгі өсім драйверлері болды.



\*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі үлесі 63-64%-ды құрайды.

## 1. Макроэкономикалық индикаторлар

## 1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

т/б №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2017ж. қаңтар-шілде	2017ж. шілде	% -бен		2017ж. шілде 2017ж. маусымына
					2016ж. қаңтар-шілдесіне	2016ж. шілдесіне	
А		Б	1	2	3	4	5
1	<b>ІЖӨ (2017ж. 1 жартыжылдығы үшін алдын-ала деректері)</b>	млрд. теңге	<b>20 935.8</b>		<b>103.6</b>		
2	Өнеркәсіп	млрд. теңге	12 344.3	1 719.6	107.7	107.4	95.3
3	Ауылшаруашылығы	млрд. теңге	1 180.2	292.7	102.7	101.7	127.8
4	Құрылыс	млрд. теңге	1 498.7	345.6	100.7	86.9	99.3
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд. т.км.	305.0	47.7	107.6	111.4	105.0
6	Байланыс	млрд. теңге	397.4	58.9	102.7	103.6	102.4
7	Сауда (бөлшек тауар айналымы)	млрд. теңге	4 674.2	787.1	106.4	109.2	104.5
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд. теңге	4 049.9	766.2	103.2	110.3	99.6
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%			107.6	107.1	100.1
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%		4.9			
11	Орташа айлық номиналды жалақы	мың теңге	142.0	149.0	102.4	105.4	93.7
12	Нақты жалақы индексі**	%			95.2	98.4	93.6

## Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2017ж. қаңтар-маусым	2017ж. маусым	% -бен		2017ж. маусым %-бен 2017ж. мамырына
					2016ж. қаңтар-маусымына	2016ж. маусымына	
А		Б	1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млн. долл. США	36.7	6.7	130.5	134.6	98.5
1.1.	- экспорт	млн. долл. США	23.2	4.1	138.3	137.8	99.4
1.2.	- импорт	млн. долл. США	13.5	2.6	119.0	129.9	97.0
2	Орташа жан басына шаққандағы ном. ақшалай кіріс**	мың теңге	75.3***	75.9	104.0	101.7	101.0

**Ескерту:** Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМСК), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, Қытай Ұлттық статистика бюросының деректері пайдаланылды. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай серпінді бірқатар деректерде өзгерістердің болуы ықтимал.

Қабылданған қысқартулар: ІЖӨ - жалпы ішкі өнім, ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ - нақты көлем индексі,

ТБИ - тұтыну бағасының индексі

\*\* - бағалау

\*\*\*- айдың орташа есебі бойынша



## 1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

**2017ж. қаңтар-шілдесінде тау-кен өндіру мен өңдеу, ауылшаруашылық пен сауда салалары экономиканың өсуіне себеп болды. Экспорттың өсуіне байланысты сыртқы сауда айналым 30.5%-ға дейін артты. Жылдық инфляция 7.6%-ға дейін баяулады.**

## Оң үдерістер

№пп	2017ж. қаңтар-шілде %-бен 2016ж. қаңтар-шілдесіне	Факторлар	Анықтама үшін: 2017ж. қаңтар-маусым %-бен 2015ж. қаңтар-маусымына
1. ІЖӨ (2017ж. 1 жартыжылдығы үшін алдын-ала деректері)	104.2	экономиканың барлық салаларының өсуі, сумен жабдықтауды қоспағанда	
2. Өнеркәсіп	107.7	тау-кен өндіру мен өңдеу салалардың өсуі	107.8
3. Тау-кен өндіру саласы	109.5	шикі мұнай, көмір мен лигнит, металл кендері өндірудің өсуі	109.4
4. Өңдеу саласы	106.3	металлургия өнеркәсібі, тамақ өнімдері, кокс және мұнай өнімдері өндірудегі көлемдердің ұлғаюы	106.5
5. Ауылшаруашылығы	102.7	мал шаруашылығындағы өнім шығарудың ұлғаюы (мал мен құстардың сойылғаны, сиыр сүті мен тауық жұмыртқалары есебінен)	103.1
6. Құрылыс	100.7	құрылыс-монтаж жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы (құрылыс жұмыстарының едәуір көлемі инженерлік ғимараттарында, автомагистральдар мен жолдарда орындалды)	105.9
7. Көлік (жүк айналымы)	107.6	темір жол, автомобиль мен құбыр көлігіндегі жүк айналымының ұлғаюы	106.9
8. Негізгі капиталға инвестициялар	103.2	тау кен өндіру, көлік және қоймалау, сондай-ақ жылжымайтын мүлікпен операциялардағы негізгі капиталды қаржыландырудың ұлғаюы	103.7
9. Байланыс	102.7	желілік қызмет көрсету және мобильді интернеттен түскен кірістердің өсуі	102.5
10. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	106.4	саудамен айналысатын кәсіпорындардың бөлшек саудадағы көлемдердің ұлғаюы	105.9
11. Инфляция	107.6	барлық азық-түлік тауарлар топтарына және қызметтерге бағалар баяулады	107.7
12. Сыртқы сауда айналымы**	130.5	экспорттың пен импорттың өсуі	129.2
12-1. Сыртқы сауда айналымы: экспорт**	138.3	отын-энергетикалық тауарлар, металдар мен металдардан жасалған бұйымдар бойынша экспорттық түсімдердің өсуі	137.6
12-2. Сыртқы сауда айналымы: импорт**	119.0	барлық негізгі тауар топтары бойынша импорттың өсуі, металдар мен металдардан жасалған бұйымдарды қоспағанда	116.7

\*\*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп қалыптастырылады. Осыған байланысты, кестедегі деректер 2017ж. қаңтар-маусымы 2016ж. қаңтар-маусымына %-бен сол жақ бағанда, ал 2017ж. қаңтар-мамыры 2016ж. қаңтар-мамырына %-бен оң жақ бағанда келтірілген



## Ішкі жалпы өнім

## 1.3. ІЖӨ өндіріс әдісімен


2017 жылдың басынан ІЖӨ 4,2%-ға дейін өсті (алдын-ала деректер бойынша)

ҚР ҰЭМ СК алдын-ала деректері бойынша ІӨЖ-ң өндірілген көлемдері 2017ж. қаңтар-шілдесінде 20.9 трлн.теңге болып, 2016 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда нақты көрсеткіште 4.2%-ға дейін ұлғайды.

Экономиканың өсуіне тауарлардың көлемдері 7.2%-ға және қызметтердің 2.3%-ға ұлғаюы оң әсерін тигізді.

Өнімге салықтар 5.1%-ға өсті.

Тауарлар өндіру мен қызметтер өндірудің ІЖӨ-дегі үлесі тиісінше, 36.5% және 56.3% болды.




2017ж.1-жартыжылдығы бойынша тау-кен өндіру (9.4%-ға өсуі) мен өңдеу өнеркәсібі (6.5%-ға өсуі), көтерме және бөлшек сауда (2.4%-ға өсуі), көлік және қоймаға салу (3.9%-ға өсуі), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар (2.1%-ға өсуі) ІЖӨ-нің өсуіне оң үлесін қосты

## 1.4. ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісімен

2017 ж. 1-тоқсанда түпкілікті пайдалану әдісімен есептелген ІЖӨ мөлшері 10.1 трлн.теңге болып, нақты көрсеткіште 3.1% құрды.

ІЖӨ құрамындағы түпкілікті тұтыну шығыстары 1,7%-ға өсті, жалпы жинақтау 2,5%-ға ұлғайды.

Тауарлар мен қызметтер экспорты 4,8%-ға, ал импорт 9,8%-ға төмендеді.




## 1.5. ТМД елдеріндегі ІЖӨ

ТМД елдерінің арасында ІЖӨ-нің ең көп өсуі Қырғызстанда және Өзбекістанда белгіленген

2017ж.1 тоқсанында 2016ж. салыстырғанда ІЖӨ-нің ең көп өсуі Қырғызстанда (7,8%-ға өсу), Өзбекістанда (7,8%-ға өсу), Армения мен Тәжікістанда (6,5%-ға өсу) тиесілі белгіленген.

Әзірбайжанда ІЖӨ 0,9%-ға төмендеді.





## 1.6. Негізгі ықпал ету факторлары


**Мұнайдың бағасы**

2017ж. шілдесінде 2016ж. шілдесімен салыстырғанда Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы әлемдік тауар биржаларында 16.7%-ға өсіп, бір баррель үшін 52.6\$ болды\*.

**Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемдері**

Шикі мұнай (2017ж. шілдесі бойынша үлесі 36.9%-і құрды) өндірудің өсуіне қатысты өнеркәсіптің жалпы көлемдері өсіп, жылдың басынан 9.9%-ға өсті.

2017ж. шілдесі 2016ж. шілдесіне қатысты шикі мұнайды өндірудің нақты көлемі 10.8%-ға, ал табиғи түрдегі көрсеткіште көлемдер 11.0%-ға көбейді. Ал мұнай өндірушілердің бағалары керісінше шамалы төмендеді (өткен аймен салыстырғанда 1.7%-ға жуық төмендеді).



\*- <http://econ.worldbank.org>

\*\*- <http://stat.gov.kz>: 2017ж. сәуірдегі өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері

\*\*\*-ҰЭМ СК деректері бойынша энергия ресурстарын өндіруші кәсіпорындардың бағалары

**Сыртқы сұраныс**

Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2017ж. қаңтар-маусымында ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 51.0% болды), Қытайға (12.4%) және Ресейге (9.6%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2017ж. 2 тоқсанында ЕО ІЖӨ (28) 2.2%-ға өсті, Қытайда ІЖӨ 6.9% болды, ал Ресейде алды-ала мәлімет бойынша 2,5%-ға өсті.

**Сыртқы сауда айналымы****2017ж. маусым айы**


2017ж. қаңтар-маусымында сыртқы сауда айналымы 30.5%-ға өсті (экспорт 38.3%-ға, импорт - 19.0%-ға өсті).

Бұрынғысынша экспорттың құрылымында басым үлесті минералды өнімдер алуда (үлесі 68.5%). Минералды өнімдердің 2016ж. маусымымен салыстырғанда 48%-ға өсті.

Сондай-ақ металдар және олардан жасалған бұйымдардың (жалпы экспорттың көлемінде 18.1% құрады) экспорты 47%-ға өсті.

Химиялық өнімдердің экспорты 13.6%-ға (жалпы экспортта үлесі 5.1% тең), машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар 3.4%-ға дейін төмендеді (үлесі 1.2%).


Импорт, металдар мен олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, барлық негізгі тауарлардың топтары бойынша ұлғайды. Импорттың өсуіне барынша машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар (19.0%-ға өскен), сонымен қатар минералды өнімдер (51%-ға өсті) елеулі үлес қосты.

**Экономикадағы ақша ұсынысы****Кредиттеу\***

2017ж. шілдесінде 2016ж. тиісті кезеңмен салыстырғанда экономикаға берілген кредиттердің өсу қарқыны аздап баяулаған, жалпы 12,8 трлн. теңге құрды.

Өткен аймен салыстырғанда экономикаға берілген кредиттер 2017ж. шілдесінде 0,7%-ға ұлғайды.

Жылдық көрсеткіште экономикаға берілген кредиттердің ең көп өсімі өңдеу саласында 10.8%-ға, ауыл шаруашылығында 2.6%-ға және "өзге де" салаларда (өндірістік емес сала, жеке қызмет) -4.0%-ға байқалды. Барлық басқа салалар бойынша төмендеу байқалды.



\*\* - өндірістік емес сала, жеке қызмет

\*-кезең соңындағы ҚРҰБ деректері бойынша




## 2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКІ

## Тауарлар өндірісі

## 2.1. Өнеркәсіп


## Саласының жылдың басынан тұрақты өсуі

Жылдың басынан өнеркәсіп саласы тұрақты өсуді көрсетуде, сондай-ақ 2017ж. қаңтар-шілдеде сала 7.7%-ға өсті. 2016ж. өнеркәсіптің нақты көлем индексі тиісті кезеңінде теріс аймақта (-1.4%) болды. Өнеркәсіп тау-кен мен өңдеу өнеркәсібінде өндіріс көлемінің артуы, шикізатқа әлемдік бағаның жоғары болуы және салыстырудың төменгі базасы есебінен өсіп келеді.




## Тау-кен өндіруде ұзақ уақыт бойы өң үлкен өсу

2017ж. басынан бастап сыртқы сұраныстың артуы аясында тау-кен өнеркәсібінде шикі мұнай (10,8%), метал кендері (10,9%-ға) және түсті металдар кендері (11,5%-ға) өндірудің өсуі байқалады. Нәтижесінде, жыл басынан бері тау-кен өнеркәсібі 9,5%-ға өсті.



## Өндіріс көлемдерінің тұрақты өсуі


2017ж. қаңтар-шілдеде өңдеу өнеркәсібінде металлургия өнеркәсібі өндіріс көлемдері 8.1%-ға (үлесі - 42.6%), азық-түлік өнімдері 6.4%-ға (үлесі - 17.7%), кокс және мұнай өңдеу өнімдері 6.9%-ға (үлесі - 8,0%) өсуі байқалды. Әсіресе машина жасау саласы ұзақ созылған рецессиядан кейін (жыл басынан бері өсуі 5,3%-ды құрған) бұрынғы қалпына келуін бөлу қажет. Осылай, өңдеу өнеркәсібі қаңтар-шілде айларында 6,3%-ға өсті.



## 2.2. Құрылыс


## Өсу қарқыны күрт төмендеуі

2017ж. басынан бері құрылыс жұмыстарының өсу қарқыны алғашқы рет айтарлықтай баяулады, ол 0,7%-ға өсті (2016ж. қаңтар-шілдеде - 6,5%-ға өсті). Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі көптеген өңірлерде (құрылыстағы үлесі 88,3%) төмендеді. Жалпы, жыл басынан бері 1,3%-ға төмендеді. Күрделі жөндеу жұмыстары (құрылыстағы үлесі 6,6%), керісінше, өсім көрсетті (17,4%-ға). Тұрғын үйді іске қосу көлемінің индексі өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда 10,6%-ға төмендеді.




**2.3. Ауыл шаруашылығы****Мал шаруашылығының тұрақты өсуі**


Жыл басынан бері ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтер) жалпы өнімі тұрақты өсіп жатыр, қаңтар-шілдеде өсу 2,7%-ды құрады. Өндірістің өсуі мал шаруашылығындағы өнімнің көлемі 3,1%-ға (мал мен құсты тірі салмақта сою көлемінің 4,7%-ға ұлғаюы, шікі сиыр сүтін саудудың 2,8%-ға және тауық жұмыртқалардың саны 3,3%-ға ұлғаюы), ал өсімдік шаруашылығы өнімінің көлемі 0,7%-ға ұлғайғаны байқалды. Ауыл шаруашылығының жалпы өніміндегі малдың айтарлықтай үлесі Алматы (15,9%) және Шығыс Қазақстан (13,8%) облыстарына тиесілі. Өсімдік шаруашылығында - Оңтүстік Қазақстан (29,4%) және Алматы (21,9%) облыстары тиесілі.

**Қызметтер өндіру****2.4. Бөлшек сауда****Жыл басынан бері барынша өсу**


2017ж. қаңтар-шілдеде бөлшек тауар айналымы 6,4%-ға, көтерме сауда 1,2%-ға өсті. Сұраныстың ұлғаю аясында, халықтың номиналды ақшалай кірісінің көбейюіне байланысты сауда кәсіпорындарының тауарларды сату көлемі өсті (12,1%-ға өсуі). Тамақ өнімдерін өткізу көлемі 2016ж. тиісті кезеңмен салыстырғанда 7,3% -ға, ал азық-түлік емес тауарларға - 5,7%-ға өсті. Көтерме тауар айналымының құрылымында 2016ж. тиісті кезеңмен салыстырғанда азық-түлік емес тауарлар мен өнеркәсіптік және техникалық мақсаттағы тауарлар өсуді көрсетті (3,1%-ға), ал азық-түлік тауарлары бойынша 6,0%-ға төмендеді.

**2.5. Көлік (жүк айналымы)****Өсудің жоғары қарқыны**

2017ж. қаңтар-шілдеде көліктегі жүк айналымының көлемі 7,6%-ға өсті. Өсуге темір жол көлігіндегі жүк айналымының 16%-ға (үлесі - 45,9) және құбыр желісінің жүк айналымы 21,8%-ға (үлесі - 22,9%) ұлғаюы болды. Автокөлікпен және теңіз көлігімен жүк тасымалдауы азайды. Барлық көлік түрлерімен жүк тасымалдау 3,6%-ға өсті. Атырау және Ақмола облыстарында тасымалдау деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалды.

**2.6. Байланыс****Өнеркәсіптің тұрақты өсуі қалпына келу белгісі**

Жыл басынан бері байланыс қызметтері 2,7% -ға өсті (2016ж. тиісті кезеңінде сала теріс аймақта болды - 3,9%). Өнеркәсіптің негізгі ұлғаюы Интернет-желісі болып табылады (жыл басынан бері өсу 12,9%), сондай-ақ ұялы байланыс қызметтері (0,8%-ға өсу).






## 3. Инфляция

## 3.1. Тұтыну бағаларының индексі

## Инфляцияның өсу бәсеңдеуі

2017ж. қаңтар-шілдеде 2016ж. тиісті кезеңіне қатысты инфляция 7,6%-ды құрап бәсеңдеді. Айлық инфляция 0,1%-ды құрды (2017ж. маусымда - 0,4%).

2017ж. шілдеде өткен айға қатысты азық-түлік тауарлардың бағасы 0,5%-ға төмендеді, ал ақылы қызметтерге 0,5%-ға өсті. Азық-түлік емес тауарлар 0,4% деңгейде қалды.



## 4. Инвестициялар


## 4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

## Инвестициялардың өсу қарқыны баяулады

2017ж. қаңтар-шілдеде инвестициялар 3,2%-ға ұлғайды (2017ж. қаңтар-маусым - 3,7%-ға өсу).

Кәсіпорындардың негізгі капиталды қаржыландырудың негізгі көзі меншікті қаражаты есебінен болып табылады, олардың үлесі 68,4% құрады.

Пайдалану тұрғысында негізгі капиталға салынған инвестициялардың басым бөлігі тау-кен өндіру саласы (үлесі - 36,4%), көлік және қоймалау (үлесі - 14,1%) және де жылжымайтын мүлікпен операциялар (үлесі - 12,7%) болып табылады.




## 5. Еңбек нарығы

## 5.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

## Жұмыссыздықтың төмендеуі

2017ж. шілдеде 2016ж. шілдемен салыстырғанда экономикада жұмыспен қамтылғандардың саны 0,6%-ға азайды. Тіркелген жұмыссыздар саны 2,0%-ға азайды.

Жұмыссыздық 4,9%\*-ды құрды.



## 5.2. Жалақы және халықтың кірістері

## Халықтың нақты ақшалай кірістері төмендеді

2017ж. қаңтар-шілдеде орташа айлық номиналды жалақы 2,4%-ға өсті.

Нақты жалақы 2017ж. шілдеде 4,8%-ға төмендеді.

Нақты ақшалай кіріс (бір айға кешігумен қалыптастырылатын бағалау көрсеткіші) 2017ж. маусымда 5,4%-ға қысқарды.



\* - жұмыспен қамтудың жаңа стандарттары ескерілген бағалау деректері